

"Ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1060 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 828 қаулысы.

"Концессиялар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 7 қазандағы № 1060 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 61, 569-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген ерекше маңызы бар концессиялық жобалардың тізбесі мынадай редакцияда жазылсын:

"

Р/ с №	Атауы
1	2
1. Жақсартылуы мен пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын жұмыс істеп тұрған мемлекеттік меншік объектілері	
2. Салынуы және пайдаланылуы концессия шарттары негізінде жүзеге асырылатын объектілер	
1.	"Үлкен Алматы айналма автокөлік жолы (ҰАААЖ)" автокөлік жолын салу және оны пайдалануға беру
2.	Түркістан облысының 4 жолақты қозғалысы бар I техникалық санатты автомобиль жолдарын салу және оны пайдалануға беру
3.	Алматы қаласында 300 төсектік көпбейінді университеттік аурухананы салу және оны пайдалануға беру
4.	Қарағанды қаласында 300 төсектік көпбейінді университеттік аурухананы салу және оны пайдалануға беру

".

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин